



«Қазақ әуендері» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 – V ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 10-бабын орындау және «Қазақ әуендері» акционерлік қоғамының қызметінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік шыдамдылықты арттыру мақсатында әзірленді.

- 1. Қоғамдық қатынас саласының атауы:** мәдениет;
- 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші:** «Қазақ әуендері» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам);
- 3. Қоғамдық қатынастардың жеке саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлқы (іс-әрекет) қағидалары:**

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

Қазақстан Республикасы Конституциясын, заңдылық қағидасын, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң түрде сақтау;

Мүдделер қайшылығының кез келген пайда болу мүмкіндіктерін болдырмау бойынша шаралар қабылдау;

Жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына қиындық тудыратын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

Жеке мүліктік және мүліктік емес пайдасын алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттілігін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;

Жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерді салу, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы, экономикалық және өзге де жетік тәсілдерін қолдану;

Қызметтік міндеттерді тиімді орындау үшін кәсіби деңгейі мен біліктілігін үнемі көтеріп отыру;

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қызмет бабын асыра пайдаланудан, негізсіз бюрократия мен қағазбастылық көріністерінен, сондай-ақ дәрекілік пен біржақты көріністерді болдырмау;

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

Әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету.

3.2. Өз күзіреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

Қазақстан Республикасының заңнамасын қадағалау;

Құпиялылықты қадағалау және қызметтік пен мемлекеттік құпияларды қамтамасыз еті;

Кәсіби (қызметтік) этиканы сақтау;

Қоғамның Президентіне және уәкілетті мемлекеттік органдарға басқа адамдардың оны сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға бейімдеу жағдайлары туралы жазбаша түрде дереу хабарлау;

Еңбек тәртібін қатаң сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді пайдалануға, өздерінің қызметтік міндеттерін бейтарап, адал және сапалы орындау, жұмыс уақытын ұтымды пайдалану;

Қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеу, олардың ықпалына тәуелді болмау;

Жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде өзіңіздің қызметтік жағдайыңызды мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа адамдардың қызметіне әсер ету үшін пайдаланбау;

Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе олардың пайдасына шешім қабылдау, сондай-ақ олардың атынан шаралар қабылдаудан аулақ болу;

Басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласпау;

Әріптестер мен басшыларға олардың қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың қызметтік шешіміне әсер етуі мүмкін өтініштермен жүгінуден аулақ болу.

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын даярлау кезінде:

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптамалық қорытынды алу үшін, оның ішінде мүдделі мемлекеттік органдармен осы жобаны келіскен кезде, міндетті түрде түсіндірме жазбамен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберу;

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптамалық кеңес отырысында қарағанға дейін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда жариялау міндетті болып табылады.

3.4. Тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге қарым-қатынастар кезінде:

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде олардың өтініштерін қарау және олар бойынша қажетті шараларды қабылдау;

Бағынышты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптаулардың, дөрекілік фактілерінің, адамның қадір-қасиетін қорлаудың, әдепсіздік, жөнсіз мінез-құлықтың алдын алу;

Басшылықтың тапсырмаларын орындау барысында тек шынайы және сенімді ақпарат ұсыну;

Мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, меншікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалану;

Ұжымда іскерлік қатынастар мен сындарлы ынтымақтастық орнатуға және нығайтуға ықпал ету;

Корпоративтік хатшыға немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органға өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы дереу хабарлау.

4. Өзге де шектеулер мен тыйымдар:

Қазақстан Республикасында Конституциясы мен мәдениет саласындағы заңнаманың талаптарын сақтау;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтау;

Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеу;

Қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға бейімделеу немесе ынталандырмау;

Мүліктік және мүліктік емес жеңілдіктер мен артықшылықтарды алу немесе алу үшін таратуға жатпайтын ресми және басқа ақпаратты пайдаланбау.



«УТВЕРЖДЕНО»

Президентом АО «Қазақ әуендері»

Приказ № 64-н/б

от «26» ОКТАБРА 2020 г.

Антикоррупционный стандарт акционерного общества «Қазақ әуендері»

Настоящий антикоррупционный стандарт разработан во исполнении статьи 10 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410 – V РК «О противодействии коррупции» и в целях недопущения коррупционных проявлений в деятельности акционерного общества «Қазақ әуендері» и повышения нулевой терпимости к проявлениям коррупции его работниками.

1. Наименование сферы общественных отношений: культура.

2. Наименование разработчика антикоррупционного стандарта: акционерное общество «Қазақ әуендері» (далее - Общество).

3. Правила поведения (действия) лиц, работающих в обособленной сфере общественных отношений:

3.1. При реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой антикоррупционным стандартом:

Руководствоваться Конституцией Республики Казахстана, принципом законности, законов и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан, строго соблюдать антикоррупционное законодательство;

Принимать меры по недопущению любой возможности возникновения конфликта интересов;

Не допускать действия (бездействие), затрудняющие реализацию физическим и юридическим лицам своих прав и законных интересов;

Не использовать свои должностные полномочия и связанные с ними возможности для получения личной имущественной и неимущественной выгоды;

Прилагать все усилия для высокопрофессиональной работы, применять оптимальные, экономичные и иные компетентные способы решения поставленных задач;

Постоянно повышать свой профессиональный уровень и квалификацию для эффективного исполнения служебных обязанностей;

Не допускать злоупотреблений служебным положением, проявлений необоснованного бюрократизма и волокиты при рассмотрении обращений физических и юридических лиц, а также проявления грубости и предвзятости;

Обеспечивать соблюдение и защиту прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц;

Поддерживать и требовать от коллег соблюдения высокой правовой и антикоррупционной культуры.

3.2. При подготовке и принятии управленческих и иных решений в рамках своей компетенции:

Соблюдать законодательство Республики Казахстан;

Соблюдать конфиденциальность и обеспечивать служебную и государственную тайну;

Соблюдать профессиональную (служебную) этику;

Незамедлительно в письменной форме информировать Президента Общества и уполномоченные государственные органы о случаях склонения его другими лицами к совершению коррупционных правонарушений;

Неукоснительно соблюдать трудовую дисциплину, эффективно распоряжаться предоставленными полномочиями; добросовестно, беспристрастно и качественно исполнять свои служебные обязанности, рационально использовать рабочее время;

При исполнении должностных обязанностей не оказывать предпочтения физическим и юридическим лицам, быть независимым от их влияния;

Не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность государственных органов, организаций, государственных служащих и иных лиц при решении вопросов личного характера;

Воздерживаться от представления или лоббирования интересов третьих лиц, а равно совершения действия от их имени;

Не осуществлять неправомерное вмешательство в деятельность других государственных органов, организаций и субъектов предпринимательства;

Воздерживаться от обращения к коллегам и руководителям с просьбами, нарушающими установленный порядок взаимоотношений, которые могут оказать влияние на принятие ими беспристрастного служебного решения.

3.3. При подготовке проектов нормативных правовых актов:

Направлять проекты нормативно правовых актов, затрагивающих интересы субъектов частного предпринимательства в Национальную палату предпринимателей Республики Казахстан с обязательным приложением с пояснительной записки, для получения экспертного заключения, в том числе при каждом последующем согласовании данного проекта с заинтересованными государственными органами;

В обязательном порядке опубликовать проекты нормативных правовых актов, затрагивающих интересы субъектов частного предпринимательства в средствах массовой информации, включая интернет-ресурсы, до их рассмотрения на заседании экспертного совета.

3.4. При иных взаимоотношениях, возникающих в зависимости от специфики сферы жизнедеятельности:

Обеспечивать соблюдение и защиту прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц, рассматривать в порядке и сроки,

установленные законодательством Республики Казахстан, их обращения и принимать по ним необходимые меры;

Не допускать по отношению к подчиненным работникам необоснованных обвинений, фактов грубости, унижение человеческого достоинства, бестактности, некорректного поведения;

В процессе исполнения поручений руководителей предоставлять только объективные и достоверные сведения;

Обеспечивать сохранность имущества, рационально, эффективно и только в служебных целях использовать собственность;

Способствовать установлению и укреплению в коллективе деловых взаимоотношений и конструктивного сотрудничества;

Незамедлительно информировать корпоративного секретаря, либо уполномоченный орган по противодействию коррупции о ставших им известными случаях коррупционных правонарушений.

4. Иные ограничения и запреты:

Соблюдать Конституцию и требования законодательства в сфере культуры в Республике Казахстан;

Соблюдать ограничения, установленные законами Республики Казахстан;

Не дарить коллегам, руководителям и иным должностным лицам подарки;

Не принимать подарки в связи с исполнением служебных полномочий;

Не склонять и не поощрять других лиц на совершение коррупционных правонарушений;

Не использовать служебную и иную информацию, не подлежащую распространению, в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ.